

Сулейменов Шынгыс Кайратовичтың 6D120100 – Ветеринариялық медицина мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін дайындаған «ССЯП аумағындағы жылқы параскаридозы, сойыс өнімдерін ветеринариялық-санитариялық сараптау ерекшеліктері» атты диссертациясына

ІШКІР

Сулейменов Шынгыс Кайратовичтың диссертациялық жұмысының тақырыбы қазіргі заман талаптарына сай таңдалынып алынған, өйткені қырық жыл ядролық сынақ полигоны аймағындағы жылқы шаруашылықтарындағы инвазиялық аурулармен, оның ішінде параскаридозды зерттеу өзекті мәселеге айналып отыр. Ш.К. Сулейменовтың ғылыми жұмысының мақсаты – бұрынғы Семей сынақ ядролық полигоны аумағында параскаридоздың жылқы арасында таралуын анықтап, сойыс өнімдеріне ветеринариялық-санитариялық сараптама жасап, баға беру және емдеу, алдын алу іс шараларын жетілдіру. Осы мақсатты ашу үшін алдына 5 міндет қойған. Қорғауға шығарылып отырған мәселелер ССЯП аймағында орналасқан жылқы шаруашылықтарының радиациялық фоны; Семей сынақ ядролық полигоны аумағындағы жылқы шаруашылықтарында параскаридоздың таралу динамикасы; параскаридоз инвазиясына шалдыққан жылқы етінің ветеринариялық-санитариялық сапасы мен биологиялық құндылығы және жылқының параскаридозды инвазиясына қарсы жаңа дәрілік композиция жасау.

Семей сынақ ядролық полигонының аумағы 18,5 мың км² құрайды. Оған Бұрынғы Семей, қазіргі Абай, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды облыстарының елді-мекендері енеді. Қырық жыл бойы ядролық жарылыстардың әсерінен қоршаған орта, топырақ, су, өсімдік радиоактивті заттармен зақымдалды. Радионуклидтердің таралуын, зардабын белгілі радиолог ғалымдардың еңбегінде Бозтаев К.Б., Лысенко Н.П., Пак В.В., Яромленко С.П., Корнеев Н.А., Сироткин А.Н. және т.б. нақты жазылған. Мемлекеттің органдардың да қаулысында зардап шеккен аумақтарды радиоактивті заттардың жиналуына қарай 4 аймаққа бөліп қарастырған. Ғылыми еңбектер мен ресми құжаттарда радионуклидтердің қоршаған ортаға адамдарға, жануарлар әлеміне өте зиянды екені корсетілген. Оған қоса, осыншама көлемді аумаққа таралған зиянды заттардың химиялық қасиеттеріне байланысты тез арада ыдырамайды, жойылмайды. Ұзақ жылдар бойы сақталады, өзінің зиянды әсерін етеді. Қоршаған ортадан, ауада, жер үсті, жер астында болған жарылыстардан пайда болған радиоактивті заттар топыраққа сіңіп, су көздерімен араласып, өсімдіктерге, мал азығы арқылы, жануарлар денесіне өтеді. Адамдар жануарлардың өнімдерін пайдалану арқылы радиоактивті заттармен уланады. Радиоактивті заттар жылқы денесінде иммундық жүйеге әсер етіп, оны әлсіретеді. Әртүрлі ауруларға бейім етеді. Соның бірі жылқының параскаридозбен зақымдануы.

Диссертациялық жұмыста әртүрлі радиациялық қауіпті аймақтарда орналасқан жылқы шаруашылықтарында жылқы арасында параскаридоздың табиғи және климаттық жағдайына, жылқы жасына және жыл маусымына байланысты таралуы берілген. Диссертант Ш.Қ.Сулейменовтың зерттеулерінің тұжырымы бойынша бақылауда болған шаруашылықтарда параскаридоз кеңінен таралған. Параскаридозбен зақымдану 35-61% құрайды. ШҚО бойынша жылқылардың параскаридозбен зақымдануы интенсификациялануы 50%, интенсификациялануы 3-29 аралығын құрады. Параскаридозға негізінен жас жылқылар, құлындар, жабағылар, тайлар бейім келетіні белгілі болды. Жоғарғы зақымдану қыркүйек, қазан айларында байқалған. Параскаридоздың кеңінен таралуына ересек жылқылардың жас малдармен бірге жайылуы, параскаридозға қарсы профилактикалық және емдеу шараларының жүргізілмеуі және гигиеналық – санитариялық талаптардың орындалмауы деп тұжырымдайды. Ол зерттеулердің нәтижелері Жапония, Африка, Ирак, Ресей, Белоруссия, Қырғыз және т.б. елдерінің паразитолог ғалымдарының зерттеу нәтижелерімен үндестігін табуда. Зерттеу нәтижелері Шығыс Қазақстан өңіріндегі жылқы арасында тіркелетін параскаридоздың таралуы туралы тың деректермен толықтырылған. Параскаридоздың алдын алу, емдеу шаралары ұйымдастырылған.

Параскаридозды инвазия кезіндегі сойыс өнімдеріне органолептикалық, физикалық, химиялық және биологиялық зерттеулер жүргізіліп, ветеринариялық-санитариялық бағасы беріліп, еттің биологиялық және тағамдық құндылығы сипатталған. Зерттеулер нәтижесінде параскаридозбен зақымданған жылқы етінің химиялық құрамы мен биологиялық құндылығында біршама өзгерістер байқалған. Параскаридоздан таза жылқы етіне қарағанда параскаридозбен ауырған жылқы етінде биохимиялық өзгерістер жүріп, еттің ауру малдан алынғанын байқатады. Биологиялық зерттеулер бойынша, еттегі амин қышқылдарының, оның ішінде алмаспайтын амин қышқылдарының, дәрумендердің, майқышқылдарының және макро-микроэлементтердің сапасы нашарлап, өнім құндылығының төмендегенін айғақты нәтижелермен дәлелдейді.

Диссертациялық жұмыста бұрынғы Семей сынақ ядролық полигоны аумағындағы параскаридоздың жылқы параскаридозына радиопротекторлық және антигельминттік қасиеті бар азық композициясының қолдануды ұсынады. Ұсынылып отырылған радиопротекторлық антигельминттік композиция жайылымдағы жылқыларды топтап, еркін дәрілеуге оңтайлы, экономикалық тұрғыдан тиімді, жылқы және оның өнімдерін ветеринариялық-санитариялық тұрғыдан қауіпсіздендіруге толық мүмкіндіктер береді деп тұжырымдайды. Шаруашылық жағдайында практика жүзінде қолданғаны жөнінде акт жасалынған. Зерттеу нәтижелері ветеринариялық медицина, ветеринариялық санитария мамандықтары бойынша бакалавриат, магистратура және докторантураның оқу үрдісіне енгізіліп, курстық, дипломдық және диссертациялық жұмыстарды орындау барысында кеңінен қолданылады.

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналдарда 3 мақала, Scopus базасына кіретін, импакт-факторы нөлден жоғары 1 мақала жарияланған.

Қорыта келе, докторанттың «ССЯП аумағындағы жылқы параскаридозы, сойыс өнімдерін ветеринариялық-санитариялық сараптау ерекшеліктері» атты диссертациясы өзекті тақырыпқа арналған, әдістемелік дұрыс қолданылған, жаңашылдығы, практикалық маңызы жоғары, толық аяқталған ғылыми жұмыс. Сулейменов Шыңғыс Кайратович 6D120100 – Ветеринариялық медицина мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін беруге лайықты деп санаймын.

Ғылыми консультант, ветеринария
ғылымдарының докторы, профессор



С.Т. Дюсембаев

_____ қолын растаймын
Персоналды басқару және ҚАБ бөлімшесі

• 22 • 08 2022 ж.